**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті**
**Силлабус**
**("KRKK 3417")**
**6М011500 - Құқық және экономика негіздері**
**2016-2017 оқу жылы (күзгі семестр)**

| Оқу пәнінің коды | Оқу пәнінің атауы | Типі | Аптасына сағат саны | | | Кредит саны | ECTS |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Дәріс | Практ | Лаб | | |
| ("KRKK 3417") | Еуразиялық экономикалық интеграцияның құқықтық негіздері | МК | 2 | 1 | 0 | 3 | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Пререквизиттер:** | 1) Құқық негіздері; 2) ҚР қаржы құқығы; | | |
| **Дәріскер** | Қуаналиева Гүлдана Амангелдіқызы - з.ғ.д., "Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының" профессоры м.а | **Офис-сағаттар** | Кесте бойынша |
| **e-mail** | Kuanalieva.guldanakz@mail.ru | | |
| **Телефондар** | 377 33 36 (12-57) | **Аудитория** | 333, 320 |
| **Оқу пәнінің сипаттамасы** | «Еуразиялық экономикалық интеграцияның құқықтық негіздері» пәнін оқытудың мақсаты - Еуразиялық экономикалық интеграцияның қалыптасуы мен дамуын, осы саладағы негізгі құқықтық қайнар көздердің жүйесін, сонымен қатар Еуразиялық экономикалық интеграция саласындағы негізгі мемлекет-субъектілерді, олардың өкілеттіктерін, жауаптылық мәселесі және т.б. | | |
| **Курстың мақсаты** | «Еуразиялық экономикалық интеграцияның құқықтық негіздері» курсының мақсаты магистранттардың Еуразиялық экономикалық интеграцияның жалпы теориялық мәселелерін толық оқыту. Мемлекеттің экономикалық интеграция қызметі, осы саладағы құрылған органдар мен олардың өкілеттіктерін жетік білу, жауаптылық мәселелері аясын жан-жақты білу болып табылады.<br>Сонымен қатар, тиісті кеден заңдармен және арнайы заңи әдебиеттермен ғылыми ізденіс-зерттеу тұрғысынан дұрыс әрі нәтижелі жұмыс істей білуге үйрету; Еуразиялық экономикалық интеграция саласындағы тиісті кедендік заңдарды дұрыс қолдана білу, кедендік-құқықтық сипаттағы дау-таластар туындаған жағдайда оларды жедел әрі сауатты шешуге, сондай-ақ өзі қызмет істеп жүрген орынның және өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қабілетті болуды мақсат қояды. | | |
| **Пәнді оқыту нәтижесі** | Курсты оқып аяқтағаннан кейін магистрант:<br>1) Еуразиялық экономикалық интеграция саласында болып жатқан өзгерістердің ерекшеліктерін зерделеумен қатар, олардың өзара байланыстарын және қазіргі нарықтық экономикалық жағдайлар кезіндегі жүзеге асыру тәртіптері сияқты мәселелерді игеру;<br>2) Еуразиялық экономикалық интеграцияның түсінігі, әдістері, қағидалары мен жүйесі туралы мәселелерді толық білу; Қазақстан Республикасының қазіргі құқық жүйесіндегі Еуразиялық экономикалық интеграцияның орны мен қолдану аясын білу;<br>3) Еуразиялық экономикалық интеграцияның аясындағы нормативтік-құқықтық актілермен әдебиеттермен жұмыс істей білу; | | |

| | |
|---|---|
| | 4) ҚР-ң қолданыстағы Кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес түрлі құқықтық әрекеттерді саналы түрде жасап үйренуі тиім;<br>5) Кеден одағының кеден шекарасы арқылы өтетін кедендік төлемдерді құқықтық реттеудің құқықтық негіздері мен кеден одағындағы кедендік қатынастарды тарифтік реттеудің ерекшеліктерін білуі тиіс;<br>6) Еуразиялық экономикалық интеграцияның құқықтық негіздерінің өзекті мәселелері бойынша өз көзқарасын қисынды түрде сауатты жеткізе білетін және оны негіздей алатын болады, кедендік-құқықтық актілерді талқылап, қолдана білетін болады; кедендік-құқықтық қатынас аясында туындайтын дауларды шеше алуды үйренеді. |
| **Әдебиеттер және ресурстар** | **Негізгі:**<br>1. Исингарин Н. Проблемы интеграции в СНГ. - Алматы: 1998<br>2. Алибеков С. Т. "Қазақстанның кеден құқығы: жалпы және ерекше бөлім".- Алматы, 2008.<br>3. Гребенщикова Л.В., Кубасова И.А., Сарсембаев М.А. Таможенное законодательство Казахстана и международные таможенные конвенции. – Алматы, 2006.<br>4. Ноздрачев А.Ф. Таможенное право. – М., 2011.<br>**5.**Мадиярова Д.М. "Кеден ісін ұйымдастыру және басқару". -Алматы 2000.<br>6.В. Пресняков "Экономическая безопасность: таможенные методы и средства обеспечения". Внешняя торговля, 1995.<br>7. Бекбосунов И. «Ответственность за нарушение таможенных правил», Внешнеэкономическая деятельность, 2001.<br>**Нормативтік-құқықтық актілер тізімі:**<br>1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.1995 жыл 30 тамыз. ҚР 7.10.1998 ж., 21.05.2007ж.; 2.02.2011ж. Заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.<br>2. Кеден Одағының Кеден кодексі. Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың мемлекеттер басшыларының деңгейіндегі мемлекетаралық кеңесінің (кеден одағының жоғарғы органы) 2009 жылғы 27 қарашадағы шешімімен қабылданған Кеден одағының кеден кодексі туралы шартқа қосымшамен бекітілді. Кеден одағының Кеден кодексі туралы шарт ҚР 2010 жылғы 25 маусымдағы №293 -4 Заңымен ратификацияланды. 2010 жылғы 1 шілдеден күшіне енді.<br>3. Қазақстан Республикасның Кеден ісі туралы Кодексі, Қазақстан Республикасының 2010 жыл 30 маусымдағы №296-IV Заңымен қабылданған.<br>**Онлайн қолжетімді:** Пән бойынша үй тапсырмаларын және өзіндік жұмыстарды орындау кезінде қажет болатын оқу материалдары, сондай-ақ, өзге де Қазақстан Республикасының заңнамалары ПОӘК бөліміндегі univer.kaznu.kz деректер базасында қол жетімді болады. |
| **Курсты ұйымдасты-ру** | «Еуразиялық экономикалық интеграцияның құқықтық негіздері» оқу курсы мемлекеттің Еуразиялық экономикалық интеграция қызметінің қалыптасып, дамуының теориялық негіздерін қарастырады. Оны меңгеру теоретикалық деректердің кең көлемін оқып, саралау арқылы мүмкін болады, ол сабаққа дайындалу барысында баса назар оқулыққа, оқу құралдарына беріледі.<br>Сонымен қоса тиісті оқу тәртібі қарастыратын келесі мәселелер тобы Еуразиялық экономикалық одақ қызметі мен уәкілеттіктеріне қатысты болып табылады. Тиісті қатынастар тобы негізінен нормативтік актілермен реттелетіндіктен магистранттардың бірқатар құқықтық актілерді саралап, талдауды да қажет етіледі. Семинар сабақтары мен МӨЖ тапсыруда алдын- |

| | |
|---|---|
| | ала тақырып бойынша құралған ситуациялық жағдайларды шешу ішінара жүргізіледі. 6 МӨЖ тапсыру реферат нысанында жазылып, теориялық материалды тәжірибемен ұштастырып және шетел тәжірибесін ескеруге мүмкіндік береді. |
| **Курстың талаптары** | 1.Пән бойынша білім мен дағдыларды иелену үшін, магистранттар оқытушының тапсырмаларын, өзіндік жұмыстарға дайындалған тапсырмаларды өз уақытында және нақты орындауы тиіс.<br>2. Магистранттар оқытушы ұсынған негізгі және қосымша әдебиетпен танысуы керек.<br>3.Тапсырмаларды орындау үстінде, сондай -ақ бақылау және курстық жұмыстарын дайындау кезінде магистранттар қойылған міндеттерді шығармашылық ынталылықпен жұмыс істеу керек.<br>4. Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық базасын және сот дәлелдемелер теориясы бойынша ғылыми әдебиетті сыни тұрғыдан оқып үйрене отыра, магистранттар зерттелетін сұрақтар бойынша өзінің ой пікірін айтуы және тұжырымдарын дәлелді түрде негіздеу қажет.<br>5. Пәнді оқытудың міндеттері пәнді оқыту мақсаттарымен жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы кеден заңдары мен кеден органдарының құрылымын, функцияларын, өкілеттіліктерін, нормаларды құқықтық талдай алуларды білуді көздейді.<br>6. Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған, немесе 50% - дан кем балл алған магистранттар сол тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады.<br>7. Магистранттар сабаққа кешікпей келуі керек, дөрекі -өрескел мінез көрсетпеуі тиіс, сабақ жүріп жатқан кезде ұялы телефондарын сөндірулі болуы керек. Сабақта толерантты болыңыз, яғни өзгенің пікірін сыйлаңыз. Қарсылығыңызды әдепті күйде білдіріңіз.<br>8. Рефераттар, презентациялар магистранттармен жеке жазбаша түрде орындалып, ауызша қорғалуы керек. Бағалау кезінде магистранттардың сабақтағы белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі.<br>Семестр барысында магистранттар 6 МӨЖ тапсыруы қарастырылған. МӨЖ-дерді тапсыру тапсырмада берілген нормативтік актілерді талдау негізінде соның ішінде " Кеден Одағының Кеден кодексі. Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың мемлекеттер басшыларының деңгейіндегі мемлекетаралық кеңесінің (кеден одағының жоғарғы органы) 2009 жылғы 27 қарашадағы шешімімен қабылданған Кеден одағының кеден кодексі туралы шартқа қосымшамен бекітілді. Кеден одағының Кеден кодексі туралы шарт ҚР 2010 жылғы 25 маусымдағы №293-4 Заңымен ратификацияланды" осы кодекске талдау жасай отырып өзі түйген жеке көзқарасын білдіруін талап етеді.<br>9. Плагиат және басқа да әділсіздіктерге тыйым салынады. СӨЖ, бақылау жұмыстарын және қорытынды емтихан тапсыру кезінде көшіру мен сыбырласуға, өзге біреу шешкен ситуациялық есептерді көшіруге, басқа студент үшін емтихан тапсыруға тыйым салынады. |

| **Бағалау саясаты** | ***Жеке өзіндік жұмысты сипаттау*** | **%** | **Оқыту нәтижелері** |
|---|---|---|---|
| | Үй тапсырмалары | 35% | 1,2,3,4,5,6 |
| | МӨЖ | 20% | 2,3,4,5 |
| | Бақылау жұмысы | 5% | 3,4,6 |
| | Емтихан + Midterm | 40% | 1,2,3,4,5,6 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | БАРЛЫҒЫ | 100% | |
| | Сіздің қорытынды бағаңыз келесідей формула бойынша есептеледі<br>Пән бойынша қорытынды баға $\frac{РК1 + РК2}{2} \cdot 0,6 + 0,1МТ + 0,3АБ = 100\%$<br>Төменде бағалар пайыз түрінде берілген:<br>95% - 100%: A 90% - 94%: A-<br>85% - 89%: B+ 80% - 84%: B 75% - 79%: B-<br>70% - 74%: C+ 65% - 69%: C 60% - 64%: C-<br>55% - 59%: D+ 50% - 54%: D- 0% -49%: F | | |
| **Оқу пәнінің саясаты** | Тапсырмаларды орындау және тапсыру мерзімі университеттің Академиялық саясатына сәйкес дәлелді себептер болған жағдайда (ауырып қалу, төтенше жағдайда, авариялар, күтпеген жағдайлар, т.с.с.) созылуы мүмкін. Магистранттардың пікір алмасуларға, пікірсайыстарға қатысуы пән бойынша оның жалпы бағасын шығару кезінде ескеріледі. Тыңғылықты сұрақтар қою, тапқырлықпен диалогқа қатысу жақсы қасиет деп танылады, тиісінше сабақ барысында оқытушы тарапынан қолдау табады. Оқытушы қорытынды бағаны шығару кезінде әрбір магистранттың сабаққа қатысу белсендігін ескереді. | | |

**Оқу пәнінің графигі**

| Апта | Тақырыптың аты | Сағат саны | Жоғары балл |
|---|---|---|---|
| **1 Модуль. Еуразиялық экономикалық интеграцияның жалпы сипаттамасының өзекті мәселелері** | | | |
| 1 | 1 дәріс. Еуразиялық экономикалық интеграцияның түсінігі мен жалпы сипаттамасының өзекті мәселелері | 2 | |
| | 1 семинар сабағы. Еуразиялық экономикалық интеграцияның жалпы сипаттамасы мен пәні | 1 | 6 |
| | | | |
| 2 | 2 дәріс. Еуразиялық экономикалық интеграцияның қалыптасуы мен даму ерекшеліктерінің мәселелері | 2 | |
| | 2 семинар сабағы. Еуразиялық экономикалық интеграцияның қалыптасу мен даму тарихы | 1 | 6 |
| | | | |
| 3 | 3 дәріс. Еуразиялық экономикалық интеграцияның құқықтық қайнар көздері, қағидалары мен жүйесі | 2 | |
| | 3 семинар сабағы. Еуразиялық экономикалық интеграцияның құқықтық қайнар көздері мен жүйесі | 1 | 6 |
| | 1 МӨЖ. Еуразиялық экономикалық одақтың қалыптасуы /ЕАЭО/ мен дамуы ерекшеліктері<br>Бақылау нысаны - реферат | | 15 |
| | | | |
| **2 Модуль. Еуразиялық экономикалық интеграция субъектілерінің құқықтық жағдайының өзекті мәселелері** | | | |
| 4 | 4 дәріс. Еуразиялық экономикалық интеграция субъектілерінің құқықтық жағдайының өзекті | 2 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мәселелері | | |
| | 4 семинар сабағы. Еуразиялық экономикалық интеграцияның субъектілері | 1 | 6 |
| | | | |
| 5 | 5 дәріс. Кеден Одағының қалыптасу алғы шарттары мен дамуының өзекті мәселелері | 2 | |
| | 5 семинар сабағы. Кеден Одағының қалыптасу алғы шарттары мен дамуының өзекті мәселелері | 1 | 6 |
| | 2 МӨЖ. Кеден Одағының кеден кодексі: ұғымы, құрылысы /27.11.2009 ж<br>Бақылау нысаны - реферат. | | 15 |
| | | | |
| 6 | 6 дәріс. Еуразиялық экономикалық интеграция және Еуразиялық экономикалық одақ /ЕАЭО/ мәселелері | 2 | |
| | 6 семинар сабағы. Еуразиялық экономикалық интеграция және Еуразиялық экономикалық одақ /ЕАЭО/ мәселелері | 1 | 6 |
| | 3 МӨЖ. Кеден одағының кеден саясаты мәселелері<br>Тапсыру нысаны - реферат | | 15 |
| 7 | 7 дәріс. Еуразиялық экономикалық комиссияның құрылымы мен негізгі бағыттарының өзекті мәселелері | 2 | |
| | 7 семинар сабағы. Еуразиялық экономикалық комиссияның құрылымы мен негізгі бағыттары | 1 | 6 |
| | | | |
| | **Бақылау жұмысы** | | 13 |
| | **Қорытынды** | | **100** |
| 8 | **Midterm** | | **100** |
| 8 | 8 дәріс. Еуразиялық экономикалық интеграция саласындағы шарттар мен келісімдер. Кеден одағының кеден кодексі | 2 | |
| | 8 семинар сабағы. Еуразиялық экономикалық интеграция саласындағы шарттар мен келісімдер. Кеден одағының кеден кодексі | 1 | 6 |
| | | | |
| 9 | 9 дәріс. Кеден органдарының сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен және кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын тұлғалармен өзара қарым-қатынасы | 2 | |
| | 9 семинар сабағы. Кеден органдарының сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен және кеден ісі саласында қызметті жүзеге | 1 | 6 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | асыратын тұлғалармен өзара іс-қимылы | | |
| | | | |
| **3 Модуль. Кеден одағында жүзеге асырылатын қызметтердің ерекшеліктері** | | | |
| 10 | 10 дәріс. Кеден одағындағы кедендік төлемдердің ұғымы мен жалпы сипаттамасы | 2 | |
| | 10 семинар сабағы. Кеден одағындағы кедендік төлемдердің ұғымы мен жалпы сипаттамасы | 1 | 6 |
| | 4 МӨЖ. Кеден одағындағы кедендік бақылау мәселелері<br>Бақылау нысаны- реферат | | 15 |
| | | | |
| 11 | 11 дәріс. Кеден одағындағы кедендік бақылауды жүргізу нысандары мен тәртібінің өзекті мәселелері | 2 | |
| | 11 семинар сабағы. Кеден одағындағы кедендік бақылауды жүргізу нысандары мен тәртібінің өзекті мәселелері | 1 | 6 |
| | | | |
| 12 | 12 дәріс. Кеден одағындағы кедендік бақылау жүргізу кезіндегі кедендік сараптама | 2 | |
| | 12 семинар сабағы. Кеден одағындағы кедендік бақылау жүргізу кезіндегі кедендік сараптама | 1 | 6 |
| | 5 МӨЖ. Кедендік декларацияны ұсынудың алдындағы кедендік операциялар жасау тәртібі мен ерекшеліктері<br>Тапсыру нысаны - реферат | | 15 |
| | | | |
| 13 | 13 дәріс. Кеден одағындағы тауарларды декларациялау мәселелері | 2 | |
| | 13 семинар сабағы. Кеден одағындағы тауарларды декларациялау мәселелері | 1 | 6 |
| | | | |
| 14 | 14 дәріс. Кеден одағындағы кедендік рәсімдеу мәселелері | 2 | |
| | 14 семинар сабағы. Кеден одағындағы кедендік рәсімдеу мәселелері | 1 | 6 |
| | 6 МӨЖ. ҚР Президентінің жолдауларына талдау жасау<br>1. «Қазақстан - 2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: ЮРИСТ, 2013. – 44 б.<br>2. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір | | 15 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 17 қаңтар 2014 жылғы Қазақстан халқына жолдауы.<br>3."Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.<br>4. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша | | |
| | | | |
| 15 | 15 дәріс. Тауардың жекелеген санаттарына қатысты кеден шекарасы арқылы өткізу және кедендік операцияларды жасау ерекшеліктері | 2 | |
| | 15 семинар сабағы. Тауардың жекелеген санаттарына қатысты кеден шекарасы арқылы өткізу және кедендік операцияларды жасау ерекшеліктері | 1 | 6 |
| | | | |
| 15 | **Бақылау жұмысы** | | **7** |
| **Қорытынды** | | | **100** |
| **Емтихан** | | | **100** |
| **Барлығы** | | | **400** |

**Факультет деканы** **Байдельдинов Д.Л.**

**Әдістемелік Бюроның төрағасы** **Урисбаева А.А.**

**Кафедра меңгерушісі** **Жатқанбаева А.Е.**

**Дәріс оқушы** **Қуаналаиева Г.А.**